

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банктерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 12 ақпандағы N 133-IV Заңы

1-бап . Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20, 21-құжаттар; N 4, 28-құжат; N 16, 131-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 153-құжат; 2008 ж., N 12, 52-құжат ; N 13-14, 58-құжат; 2008 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 19 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 13 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2008 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

59-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "компанияларын" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылатын ислам арнайы қаржы компанияларын" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж., N 3, 21-құжат; N 4, 28-құжат; N 5-6, 37-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат; N 12, 88-құжат):

1) 406-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ислам банкінің банк қызметін жүзеге асыруы кезінде оның тауарларды сатып алу-сату ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленеді.";

2) 727-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ислам банкі заем беруші болып табылатын банк заемы шарты бойынша ақша заемы мерзімділік және қайтарымдылық талаптары бойынша және ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы алынбай жүзеге асырылады.";

3) 756-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк салымдарының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленуі мүмкін.";

4) 883-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Банк қызметін жүзеге асыру кезінде мүлікті сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленеді.".

3. 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 19 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі):

1) 12-баптың 1-тармағында:

3) тармақша "пайлары" деген сөзден кейін ", ислам бағалы қағаздары" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақшаның бірінші абзацы "мүлікті бөлуден түсетін табыстар;" деген сөздерден кейін "исламдық қатысу сертификаттары бойынша төлеуге жататын табыстар;" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) ислам бағалы қағаздары - ислам жалдау сертификаттары мен ислам қатысу

с е р т и ф и к а т т а р ы ; " ;

31) тармақшадағы "адам" деген сөз "дара кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, заңды тұлға, оның ішінде резидент емес заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) тармақшаның сегізінші абзацындағы "түріндегі барлық төлемдер" деген сөздер "түріндегі" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"исламдық жалдау сертификаттары бойынша барлық төлемдер;"

2) 59-баптың 3-тармағындағы "дауазымды" деген сөз "лауазымды" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 60-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) ислам бағалы қағаздары бойынша табыстарды есепке алу саясаты.";

4) 84-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүзінде орындалуға тиіс міндеттеме мен бухгалтерлік есепте танылған осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есептегі міндеттеменің танылуына байланысты туындайтын табыс.";

5) 85-баптың 1-тармағында :

18) тармақша "сыйақылар" деген сөзден кейін ", ислам жалдау сертификаты" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;"

6) 92-бап "құндық балансынан" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ салық кезеңінде жұмсалған және осы Кодекстің 122-бабының 3-тармағына сәйкес ескерілетін кейінгі шығыстардан" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 99-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы "сомасы алып тасталуға жатады." деген сөздер "сомасы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13), 14) т а р м а қ ш а л а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"13) инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаны басқару процесінде ислам банкі алған, осы инвестициялық депозиттер депозиторларының шоттарына арналған және соларда болатын табыстар алып тасталуға жатады. Мұндай табыстарға ислам банкінің с ы й а қ ы л а р ы қ о с ы л м а й д ы ;

14) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржылық компаниясы алған борышты талап ету құқығын беруден түсетін табыстар алып тасталуға жатады.";

8) 102-баптың 2-тармағындағы "бабына сәйкес айқындалатын еңбекке ақы төлеу түріндегі" деген сөздер "баптың 2-тармағында көрсетілген салық салуға жататын қызметкердің табыстары бойынша жұмыс берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 110-баптың 1-тармағының төртінші абзацы "қоспағанда," деген сөзден кейін " салық салуға жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 1 1 7 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 122-бабына сәйкес салық кезеңінде жүргізілген түзетулерді ескеретін, салық кезеңінің бас кезіндегі кіші топтардың құндық балансы I топтың тіркелген активтерінің қалдық құны болып табылады.";

7-тармақтың бесінші абзацындағы "қосу немесе" деген сөздер алып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

жетінші абзацтағы "немесе алу" деген сөздер алып тасталсын; сегізінші абзацтағы "122-бабына" деген сөздер "122-бабының 3-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 133-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) салық салынатын табыстың 3 процентінен аспайтын жалпы сомасы мөлшерінде:

нақты шеккен шығыстардың осы Кодекстің 97-бабының 2-тармағында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдаланған кезде алуға жататын (алынған) табыстардан а с ы п т ү с к е н с о м а с ы н ;

коммерциялық емес ұйымдарға және қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындаумен, қызметтер көрсетумен байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады;

көмекті алатын тұлғаның тарапынан өтініш жасалу негізінде салық төлеушінің шешімі болған кездегі демеушілік және қайырымдылық көмекті;"

12) 134-баптың 2-тармағына өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі;

13) 141-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы" деген сөздер "алдыңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 1 4 3 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасына, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаға төлейтін ұтыстар;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес

заңды тұлға Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасына, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаға төлейтін сыйақы";

15) 154-баптың 1-тармағындағы "бойынша" деген сөзден кейін "осы тарауда және" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 156-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

"40) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс.";

17) 161-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері салық агенттері ретінде қаралуы мүмкін.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер осы Кодекстің 12-бөлімінің мақсаттары үшін әлеуметтік салықты дербес төлеушілер болып танылады.";

18) 166-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық кезеңі ішінде жұмыс орны өзгерген жағдайда осы тармақтың ережелері қызметкердің жаңа жұмыс орны бойынша қолданылмайды.";

3-тармақтағы "он бес жұмыс күнінен" деген сөздер "күнтізбелік он алты күннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 179-баптың 1-тармағы "орналасқан" деген сөзден кейін "(тұрғылықты)" деген сөзбен толықтырылсын;

20) 186-баптағы "тұрғылықты" деген сөз "орналасқан (тұрғылықты)" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 191-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "алты айдан" деген сөздер "күнтізбелік жүз сексен үш күннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 192-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

"28-1) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс";

23) 201-баптың 8-тармағының 11) тармақшасындағы "табыстар салық салуға жатпайды." деген сөздер "табыстар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс салық салуға жатпайды.";

24) 220-баптың 3-тармағындағы "резидент еместің есебіне жазылған табыстарының және төлеуге жататын салықтардың сомалары көрсетілген салық есептілігінің тиісті нысанын резидент емес және (немесе) салық агенті табыс еткеннен кейін" деген сөздер "мынадай күндерден неғұрлым кеш: өтініш берілген күннен;

резидент еместің есебіне жазылған табыстарының және төлеуге жататын салықтардың сомалары көрсетілген салық есептілігінің тиісті нысанын резидент емес және (немесе) салық агенті табыс еткен күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 5) 2 5 0 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ислам банкінің қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын мынадай банк операциялары:

жеке және заңды тұлғалардың талап етілгенге дейін процентсіз депозиттерін қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

банктік заем операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Ислам банктерінің мүлікті беруі Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес коммерциялық кредит бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру шеңберінде ислам банкі алуға тиіс табыс бөлігінде қосылған құн салығынан босатылады .

Осы тармақтың мақсатында ислам банкі алуға тиіс табысқа сатып алушыға өткізілетін тауарға үстеме баға сомасы жатады, ол ислам банкінің Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес жасалған коммерциялық кредит туралы шартының талаптарымен айқындалады.

Осы тармақтың ережелері сатып алушы коммерциялық кредит туралы шартты орындаудан бас тартқан кезде ислам банкінің тауарды үшінші тұлғаға өткізуі жағдайларына қолданылмайды.";

26) 262-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Есепке жатқызудың барабар әдісін пайдаланатын ислам банктерінің Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес коммерциялық кредит бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру шеңберінде мүлікті сатып алумен және берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдануға құқығы бар.";

2 7) 3 5 5 - б а п т а :

"резидент еместер" деген сөздер "резидент емес заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша әлеуметтік салықты дербес төлеушілер болып танылған құрылымдық бөлімшелер осы Кодекстің 19-тарауының мақсаттары үшін жеке табыс салығы жөніндегі салық агенттері болып танылады.";

2 8) 3 5 7 - б а п т а :

2-тармақтағы "қызметкерге күнтізбелік ай үшін есептелген табысының жалпы сомасы" деген сөздер "күнтізбелік ай үшін осы Кодекстің 357-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған салық салу объектісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 4) және 5) тармақшаларындағы "өтемдер", "өтемдері" деген сөздер "өтемақы төлемдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 9) 3 5 9 - б а п т а :

1-тармақта "бабының 1-тармағына" деген сөздер "бабына" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең деп есептеледі.";

30) 365-баптың 3-тармағының 6) тармақшасындағы "Халық қаһарманы" атағына ие болған" деген сөздер - "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарына ие болған" деген сөздермен, 403-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы, 545-баптың 4) тармақшасындағы, 546-баптың 1) тармақшасының бесінші абзацындағы, 6) тармақшасының үшінші абзацындағы және 7) тармақшасының екінші абзацындағы "Халық қаһарманы" атағын алған" деген сөздер "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарын алған" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 367-баптың 1-тармағындағы кестенің 5-жолы 3-бағанының екінші абзацындағы "1" деген цифр "10" деген цифрлармен ауыстырылсын;

32) 368-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі, 2-тармағының бірінші абзацы мен 2) тармақшасындағы "оралымды" деген сөз "жедел" деген сөзбен ауыстырылсын;

33) 369-баптың 1-тармағындағы "оралымды" деген сөз "жедел" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 4) 3 7 3 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе мыналар:";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында аталған салық төлеушілер пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелері бойынша салық төлеушілер болып табылады.";

35) 406-баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде "қалаған" деген сөз "қаланған" деген сөзбен ауыстырылсын;

36) 416-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "25 000" деген цифрлар "2 500" деген цифрлармен ауыстырылсын;

37) 419-баптың 2) тармақшасындағы "ойнауға" деген сөз "ойынына" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 8) 4 2 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген салықтың ставкалары";

1-тармақтың бірінші абзацы "салық салу" деген сөздерден кейін "объектісінің" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармағындағы "атқарушы" деген сөз "өкілді" деген сөзбен ауыстырылсын;

39) 426-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Патент - төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша бюджетпен есеп айырысу фактісін растайтын құжат.";

4 0) 4 4 6 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жер салығын, әлеуметтік салықты, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын аудару мынадай тәртіппен:";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әлеуметтік салықты және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.";

41) 447-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда бірыңғай жер салығының, әлеуметтік салықтың, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының, жер беті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрініс табады.";

42) 456-баптың 1-бағанына өзгеріс орыс тілінде енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

4 3) 4 7 1 - б а п т а :

кестенің 1.45 жолының 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тірек-қимыл мүшесі бұзылған балалар үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну";

мынадай мазмұндағы 1.45-1, 1.45-2, 1.45-3, 1.45-4, 1.45-5 жолдармен толықтырылсын:

1.45-1	мүгедектер, оның ішінде психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну	5
1.45-2	қарттар мен мүгедектер үшін жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну	5
1.45-3	қарттар, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін аумақтық күндіз болатын орталықтарда арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну	5

1.45-4	қарттар, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін оңалту орталықтарында арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну	5
1.45-5	қарттар, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін үйде күндізгі күтім жасайтын арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұсыну	5

4 4) 4 9 5 - б а п т а :

3-тармақтың кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

Р е т N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	2,23
2.	Көміртегі тотықтары	0,73
3.	Метан	0,04
4.	Күкірт диоксиды	10
5.	Азот диоксиды	10
6.	Күл	12
7.	Күкіртті сутегі	62
8.	Меркаптан	9966

6 - т а р м а қ т а :

кестенің 1.3.5 жолының 3-бағанындағы "0,033" деген цифрлар "0,33" деген цифрлармен ауыстырылсын;

кесте мынадай мазмұндағы 1.3.7. жолмен толықтырылсын:

1.3.7.	техникалық және элементарлық күкірт	3,77	
--------	-------------------------------------	------	--

4 5) 5 1 1 - б а п т ы ң 5 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі ", егер осы тармақта өзгеше көзделмесе," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

46) 603-баптың 2-тармағында "салық кезеңінің соңында" деген сөздерден кейін ", қосылған құн салығының қайтарылуға жатпайтын асып кеткен сомасын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

47) 635-баптың 10-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы "бұзушылықтарды жойған" деген сөздерден кейін "немесе бұрын жіберілген расталмаған сұрау салулар бойынша мониторингке жататын ірі салық төлеуші бойынша қосылған құн салығы сомасының дұрыстығын уәкілетті орган растаған" деген сөздермен толықтырылсын.

4. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5

, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 11, 55-құжат; N 16, 99-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., N 17-18, 72-құжат; N 20, 88-құжат; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 8) тармақшасы "номиналды түрде" деген сөздерден кейін "(ислам банкіндегі инвестициялық депозиттен басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Ислам банкі - уәкілетті органның лицензиясы негізінде осы Заңның 4-1-тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк.

Ислам банкі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылмайды және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесімен ислам банкіндегі депозиттерге кепілдік берілмейді.

Ислам банкін құрудың және оның қызметінің ерекшеліктері осы Заңның 4-1-тарауында белгіленген.";

3) 8-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы "тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін банк сатып алған жағдайларда қолданылмайды." деген сөздер "тұлғалардың;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) ислам банкі осы Заңның 4-1-тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асырғанда - өзге заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін банк сатып алған жағдайларда қолданылмайды.";

4) 11 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігі "заңды тұлғалар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ, акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ислам банкі өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру кезінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша сатып алған заңды тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын :

"Ислам банкі үшін, егер ол өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру кезінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алса, ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға уәкілетті орган рұқсатының болуы талап етілмейді.";

5) 14-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:
"Осы Заңның 52-4-бабында көзделген мәліметтер (ислам банкі үшін) қамтылуға тиіс";

6) 15-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:
"3-1. Ислам банкінің атауында "ислам банкі" деген сөз тіркесі болуға тиіс.";

7) 17-баптың 1-тармағындағы "5 және 6-тармақтарында" деген сөздер "5-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 26-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Осы Заңның 52-5-бабында көзделген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияларды уәкілетті орган ислам банктеріне ғана береді.";

9) 30-бап мынадай мазмұндағы 14-тармақпен толықтырылсын:
"14. Осы баптың ережелері ислам банктерінің қызметіне осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген ислам банктері қызметіне қойылатын талаптарға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.";

10) 31 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы е-1) тармақшамен толықтырылсын:
"е-1) ислам банкінің және оның клиентінің құқықтары мен міндеттері, ислам банкінің банк операцияларын жүргізу талаптары және солармен байланысты тәуекелдер ; " ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
"2-1. Ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерді ислам банкінің директорлар кеңесі осы Заңның 52-2-бабының 3-тармағында көзделген талапты ескере отырып бекітеді.";

11) 32-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:
"5. Ислам банктері клиенттерге осы Заңның 52-5-бабында көрсетілген банк операциялары ерекшеліктерін және солармен байланысты тәуекелдерді түсіндіруге міндетті.";

12) 34 - бапта :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"5. Осы баптың 2-4-тармақтарында белгіленген нормалар банктердің кепілдіктер және кепілдемелер беру жөніндегі операцияларына, сондай-ақ осы Заңның 52-5-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ислам банктерінің операцияларына қолданылады." ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
"6. Ислам банкінің банктік заем операцияларын және өзге де операцияларды жүргізу ерекшеліктері мен шектеулері осы Заңның 4-1-тарауында белгіленеді.";

13) 39-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "Банктер" деген сөз "Ислам банктерін қоспағанда, банктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 42-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және есеп айырысу әдістемесін, тиісті есептілік нысандары мен оны табыс ету мерзімдерін уәкілетті орган ислам банктерінің осы Заңда көзделген банктік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктерін ескере отырып белгілейді.";

15) 48-баптың 1-1-тармағы "банк" деген сөзден кейін "(ислам банкін қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 52-баптың 2-тармағындағы "Депозиттер" деген сөз "Ислам банктерін қоспағанда , депозиттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1-тарау. Ислам банктерін құрудың және оның қызметінің ерекшеліктері

52-1-бап. Ислам банкінің қызметіне қойылатын талаптар

Ислам банкінің процент түрінде сыйақы алуға, инвестициялық депозитті қайтаруға немесе ол бойынша табысқа кепілдік беруге, темекі, ішімдік өнімдерін, қару-жарақ пен оқ-дәрі шығарумен және (немесе) сатумен, құмар ойындармен байланысты қызметті, сондай-ақ исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес қаржыландыруға (кредиттеуге) тыйым салған кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін қаржыландыруға (к р е д и т т е у г е) қ ұ қ ы ғы ж о қ .

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес ислам банкінің қызметіне ислам банкі сақтауға міндетті өзге де талаптарды қосымша айқындауға құқылы.

52-2-бап. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қызметі

1. Ислам банкі қызметінің, операцияларының және мәмілелерінің осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес болуын айқындау үшін ислам банкінде міндетті түрде исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес құрылады.

2. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша ислам банкі акционерлерінің жалпы жиналысы тағайындайтын тәуелсіз орган болып табылады.

3. Ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережені, Ислам банкінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережені исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің оң қорытындысы болған кезде ислам банкінің директорлар кеңесі бекітуге тиіс.

4. Егер осы Заңда, ислам банкінің жарғысында немесе ішкі ережелерінде өзгеше көзделмесе, ислам банкінің кредиттік комитетінің ислам банкінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережеге сәйкес қабылданған шешімдері және Ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеге сәйкес жасалған мәмілелер исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің жеке бекітуін талап етпейді. Бұл ретте, исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің

қандай да бір мәмілені осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысынан өз қарауы бойынша тексеруге құқығы бар.

52-3-бап. Ислам банкінің операциялары мен мәмілелерін ислам банкінің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді деп танудың салдары

1. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес жасалу сатысындағы мәмілені осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, мұндай мәміленің жасалуы және орындалуы мүмкін емес.

2. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мәмілені жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған деп таныған жағдайда, мұндай мәміле ислам банкінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылады.

3. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мәмілені орындалған немесе ішінара орындалған деп таныған жағдайда, ислам банкінің осындай мәміле бойынша табысы қайырымдылық ісіне бағытталуға тиіс.

52-4-бап. Ислам банкінің жарғысына қойылатын қосымша талаптар

Ислам банкінің жарғысы осы Заңның 14-бабында көзделген мәліметтерден бөлек мыналарды :

- 1) ислам банкі қызметінің мақсаттарын;
- 2) ислам банкінің тұрақты жұмыс істейтін органы - исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін, сондай-ақ оны құрудың тәртібі мен исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің мүшелеріне қойылатын талаптарды қамтуға тиіс.

52-5-бап. Ислам банкінің банк операциялары және өзге де операциялары

1. Мына операциялар :

1) жеке және заңды тұлғалардан талап етуге дейінгі процентсіз депозиттерді қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

2) жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

3) банктік заем операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;

4) кәсіпкерлік қызметті мынадай түрде қаржыландыру: коммерциялық кредитті бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру ;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру;

5) лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;
6) ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет ислам банкінің банк операцияларына жатады.

2. Осы баптың 1-тармағының 4), 5) тармақшаларында көзделген банк операцияларын ислам банкі меншікті ақшасы және (немесе) инвестициялық депозиттерге тартылған ақша есебінен жүзеге асырады. Бұл ретте, ислам банкі және (немесе) инвестициялық депозит бойынша клиенттер олардың ақшасы есебінен сатып алынған мүлікке ортақ үлестік меншік құқығын алады, ал ислам банкі ортақ үлестік меншіктің қатысушысы және (немесе) ортақ үлестік меншікке жататын мүлікті басқаруды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушы болады. Ислам банкі сенімгерлікпен басқарушы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес жылжымайтын мүлікке және олармен жасалған мәмілелерге құқықтардың мемлекеттік тіркелуін, көлік құралдарының және өзге де жылжымалы мүліктің тіркелуін қамтамасыз етуге құқылы. Ислам банкі сатып алынған мүлікке ортақ үлестік меншік қатысушыларының есебін жүргізеді.

3. Ислам банкі, егер жарғыда осындай көзделсе, мына операцияларды:

1) факторингтік операцияларды: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқықтарын сатып алуды;

2) форфейтингтік операцияларды (форфейтингтеуді): тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу жолымен төлеуді қоспағанда, осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, осы Заңның 30-бабында көзделген банк операцияларын және өзге де операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес осы Заңның 30-бабында көзделген банк операцияларының және өзге де операциялардың жекелеген түрлерін осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп тануға құқылы.

52-6-бап. Ислам банкінің депозиттері

1. Талап етуге дейінгі процентсіз депозит шарты бойынша ислам банкі клиенттің ақшасын процент түрінде сыйақы төлеуді немесе төлеуге кепілдік беруді көздемейтін талап етуге дейінгі банктік салымға қабылдауға және клиент талаптарының түсуі бойынша депозитті немесе оның бір бөлігін қайтаруға міндеттенеді. Ислам банкінің процентсіз депозит туралы шартына ол бойынша сыйақы төлеу туралы талаптарды қоспағанда, банктік салым туралы шарттың ережелері қолданылады.

2. Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша ислам банкі клиенттің ақшасын оларды номиналды түрде қайтару кепілдігінсіз белгілі бір мерзімге қабылдауға, олар бойынша табысты инвестициялық депозит туралы шартта көзделген тәртіппен берілген ақшаны пайдалану нәтижесіне байланысты төлеуге міндеттенеді. Ислам банкінің

инвестициялық депозит туралы шартына ақшаны пайдалану және қайтару тәртібі, клиенттің және ислам банкінің құқықтары мен міндеттері, сенімгерлікпен басқарушының - ислам банкінің сыйақыны айқындау және есептеп шығару тәртібі бойынша осы бапта көзделген ерекшеліктері бар мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы шарттың ережелері қолданылады.

Инвестициялық депозит туралы шартты жасасу кезінде ағымдағы банк шоты ашылуы мүмкін.

3. Инвестициялық депозит туралы шарттың талаптарында сенімгерлікпен басқарушының - клиенттің сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының ақшасын басқарғаны үшін сыйақысының мөлшері, ақшаны қайтару мерзімі мен тәртібі, ақшаны пайдаланудан келген залалдар тәуекелдері және өзге де талаптар айқындалуға тиіс.

4. Ислам банкінің сыйақысы инвестициялық депозит бойынша ақшаны пайдаланудан түскен табыс есебінен ғана сыйақы төленуі мүмкін болатын талап бойынша инвестициялық депозитке тартылған ақшаны пайдаланудан алынған табыс бөлігі түрінде айқындалады. Ислам банкі инвестициялық депозиттің шығынды болуы кезінде (инвестициялық депозит бойынша тартылған ақшаны пайдалану нәтижесінде табыс болмаған кезде) сыйақы алу құқығынан айырылады. Инвестициялық депозит туралы шарттың талаптары инвестициялық депозит бойынша табыстың немесе ислам банкі сыйақысының кепілдік берілген мөлшерін көздей алмайды.

5. Клиент өз талабы бойынша инвестициялық депозитті мерзімінен бұрын қайтарып алған кезде, егер инвестициялық депозит туралы шартта өзгеше көзделмесе, табыс алу құқығынан айрылады.

6. Инвестициялық депозит туралы шарт клиенттің ақшаны пайдалану тәсілдерін, активтер немесе ақша салу объектілері түрлерінің тізбесін анықтауы бойынша талаптарды не клиенттің ақшасын оларды біріктіру құқығынсыз өзге клиенттердің ақшасынан бөлек пайдалану бойынша талаптарды көздеуі мүмкін.

7. Ислам банкі ақшаны пайдаланудың тәртібі мен нәтижелерін анықтау, оның ішінде ақшаны пайдалану тәсілдерін, активтер немесе ақша салу объектілері түрлерінің тізбесін, мұндай пайдаланудан түскен табыстың немесе залалдың мөлшерін, ислам банкі сыйақысының мөлшерін анықтау мақсатында жекелеген инвестициялық депозиттер бойынша ақшаны пайдалану есебін жүргізуге міндетті.

8. Клиенттің талабы бойынша ислам банкі инвестициялық депозит бойынша ақшаны пайдалану туралы есепті табыс етуге міндетті.

9. Егер шартта өзгеше көзделмесе, инвестициялық депозитке ақша салған клиент ислам банкінің ақшаны орналастыруға байланысты туындаған міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бірақ ақша салынған активтер құнының кемуіне байланысты инвестициялық депозитке салынған ақша сомасы шегінде залалдар тәуекелін көтереді.

10. Ислам банкі инвестициялық депозиттің ақшасы салынған активтер құнының кемуіне байланысты залалдар өз кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, осындай

залалдар үшін жауап бермейді.

Егер инвестициялық депозиттің ақшасы салынған активтер құнының кемуіне байланысты залалдар ислам банкінің кінәсінен болса, ислам банкі осындай залалдардың туындағаны туралы клиентке хабарлауға міндетті.

52-7-бап. Ислам банкінің бағалы қағаздарды шығару ерекшеліктері

Ислам банкі борышты, сыйақының кепілдік берілген мөлшерін немесе құнынан процент түрінде сыйақы төлеуді көздейтін артықшылығы бар акцияларды, облигацияларды немесе өзге де борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, акциялар немесе өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

52-8-бап. Коммерциялық кредитті беру арқылы сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру

1. Ислам банктері сауда делдалы ретінде ислам банкінің коммерциялық кредит туралы шарты (бұдан әрі - коммерциялық кредит туралы шарт) негізінде коммерциялық кредитті тауар сатып алушыға немесе сатушыға беру арқылы сауда қызметіне қатысуға құқылы.

2. Коммерциялық кредит туралы шарт тауар сатып алушының коммерциялық кредит туралы шартты (офертаны) жасасу туралы ұсынысының негізінде жасалады, онда ислам банкінің оны қабылдау мерзімі (акцепт) көзделуге тиіс. Офертаның қолданылу мерзімі ішінде ислам банкі тауар сатушымен сатып алу-сату шартын жасасуға құқылы. Ислам банкінің акцепті ол тауарға меншік құқығын сатып алғаннан кейін беріледі. Сатып алушы ислам банкінің акцептін алған кезде офертаның қолданылу мерзімі ішінде коммерциялық кредит туралы шартты орындау сатып алушы үшін міндетті болып табылады. Коммерциялық кредит туралы шартты орындаудан бас тартқан кезде сатып алушы ислам банкіне осындай бас тартудан туындаған нақты залалды өтейді, ал ислам банкі тауарды үшінші тұлғаға өткізеді немесе оны сатушыға қайтарып береді.

3. Коммерциялық кредит туралы шартқа осы бапта көзделген ерекшеліктер және осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптар ескеріле отырып, тауарларды кредитке (төлем мерзімін кейінге жылжыту немесе ұзарту арқылы) сатып алу-сату шартының ережелері қолданылады.

4. Коммерциялық кредит туралы шартта тауардың атауы және саны, тауарға үстеме бағаның мөлшері көрсетіле отырып, сатып алушы ислам банкінен сатып алатын тауардың құны туралы талаптар, сондай-ақ коммерциялық кредиттің талаптары (төлем мерзімін кейінге жылжыту немесе ұзарту) қамтылуға тиіс.

5. Егер коммерциялық кредит туралы шартта өзгеше көзделмесе, ислам банкінің сатып алушыға тауарды сату бағасы сатушыдан тауарды сатып алу бағасы мен тауарға үстеме баға сомаларынан құралады. Үстеме баға тіркелген сома немесе сатушыдан тауарды сатып алу бағасының проценті түрінде белгіленуі мүмкін.

6. Сатып алушының офертасы негізінде тауарды сатып алу кезінде ислам банкі сатушымен жасалатын сатып алу-сату шартында тауардың коммерциялық кредит туралы шарт жасасу үшін сатып алынатынын көрсетуге міндетті.

7. Коммерциялық кредит туралы шарт бойынша бір мезгілде сатып алушы болатын сатушыдан тауарды сатып алуға жол берілмейді. Ислам банкі тауарды сатушымен жасасқан сатып алу-сату шарты тауарға алдын ала төлем жасау, сатып алынған тауарды белгілі мерзімде қайтару және тауардың сатып алу бағасын қайтару мүмкіндігі туралы талаптарды көздеуі мүмкін.

8. Коммерциялық кредит туралы шартта сатып алушының тауарларға ақша немесе өзге мүлік кепілімен төлем жасау бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету талаптары көзделуі мүмкін.

9. Егер коммерциялық кредит туралы шарттың нысанасы дайындауға жататын тауарларды (қайта өңдеу өнімдерін, жылжымалы жаңа затты, жаңадан құрылатын жылжымайтын мүлікті), мүлікті пайдалану, жұмысты орындау не қызмет көрсету нәтижесінде алынатын тауарларды (ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе өзге ұқсас өнімнен алынған мүлікті пайдалану кезінде бөлініп алынатын жемістер түрінде) сатып алу болып табылса, шарттың осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысы талап етіледі.

10. Ислам банкі мен осы баптың 9-тармағында көрсетілген тауарды өндіруші (дайындаушы) арасында жасалған коммерциялық кредит туралы шартта тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде (тауар берудің мерзімін кейінге жылжыту) тауар беру талабымен сатып алынатын тауарға (аванс түріндегі коммерциялық кредит) дереу ішінара немесе толық төлем жасау көзделуі мүмкін. Тауар өндірушіге (шығарушыға) коммерциялық кредит беру кезінде ислам банкінің тауарды тікелей сатып алушымен жасасқан сатып алу-сату шарты тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде (тауар берудің мерзімін кейінге жылжыту) тауар беру талабымен тауарға дереу ішінара немесе толық алдын ала төлем жасау туралы талаптарды көздеуі мүмкін.

11. Осы баптың 9-тармағында көзделген коммерциялық кредит туралы шарт жасалған жағдайда банк пен тауар өндіруші (шығарушы) арасындағы қарым-қатынастарға мердігерлік, тауар беру, келісімшарт жасасу, өтелетін қызметтер көрсету туралы ережелер немесе осы қарым-қатынастарға сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген міндеттеме туралы басқа да ережелер қолданылады.

52-9-бап. Өндірістік және сауда қызметін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша қаржыландыру

1. Ислам банкі табыс алу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарға қол жеткізу мақсатымен әріптестік туралы шарттың негізінде өндірістік және сауда қызметін қаржыландыруға құқылы. Әріптестік туралы шартта (заңды тұлғаны құруға байланысты әріптестік туралы шарт) заңды тұлғаны құру жөніндегі талап көзделуі мүмкін.

2. Әріптестік туралы шарт исламдық қаржыландыру принциптері бойынша кеңестің оң қорытындысын алғаннан кейін жасалуы мүмкін. Осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарды бұзу әріптестік туралы шартты мерзімінен бұрын бұзуға және (немесе) әріптестік туралы шарттың негізінде құрылған заңды тұлғаны таратуға не ислам банкінің үлесін, оның ішінде заңды тұлғалардың жарғы капиталдарындағы акциялары мен қатысу үлестерін шеттетуге және алынған табысты қайырымдылық ісіне бағыттауға негіз болады.

3. Заңды тұлғаны құру талабынсыз жасалған әріптестік туралы шартқа (ислам банкінің қатысуымен жасалған қарапайым серіктестік шарты) осы бапта көзделген ерекшеліктері бар бірлескен қызмет туралы шарттың ережелері қолданылады.

4. Ислам банкінің қатысуымен жасалған қарапайым серіктестік шартында бірлескен қызметтің мақсаты, шарттың қолданылу мерзімі немесе олардың туындауына байланысты шарт тоқтатылатын талаптар, бірлескен қызметтен түскен табысты бөлу тәртібі және кезеңділігі, қатысушының шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі, бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін қатысушылардың әрқайсысы енгізген мүліктің тізбесі, түрлері және құны туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Егер шартта өзгеше көзделмесе, қатысушылардың әрқайсысының ортақ мүліктегі үлесінің мөлшері бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін енгізілген мүліктің құнына бара-бар айқындалады. Шартта бірлескен қызметтен түскен табыс бөлігін қайырымдылық мақсаттарға пайдалану туралы талаптар көзделуі мүмкін.

5. Бірлескен қызметтен түскен табыс, ислам банкі қатысатын қарапайым серіктестік шартына қатысушылардың жалпы шығыстары мен залалдары, егер шартта өзгеше көзделмесе, ортақ мүліктегі үлеске бара-бар бөлінеді. Ислам банкі қатысатын қарапайым серіктестіктің табысы күтілетін табыс ескерілмей, нақты нәтижелер бойынша бөлінуге тиіс. Қарапайым серіктестікке қатысушының табысы тіркелген ақша сомасы түрінде белгілене алмайды.

6. Қарапайым серіктестіктің ортақ мүлкі жеткіліксіз болғанда оның қатысушылары қарапайым серіктестік шартына байланысты міндеттемелер бойынша ортақ мүліктегі үлестерге бара-бар жауаптылықта болады.

7. Егер шартта немесе осы баптың ережелерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлғаны құруға байланысты әріптестік туралы шартқа тиісті ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғаның құрылтай шарты туралы ережелер қолданылады.

8. Заңды тұлғаны құруға байланысты әріптестік туралы шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілі бір ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды

тұлғаның құрылтай шарты үшін көзделген мәліметтерден бөлек, әріптестіктің мақсаты мен мерзімдері туралы мәліметтер, заңды тұлғаның табысын әрбір қатысушы енгізген үлеске бара-бар бөлу туралы талап қамтылуға тиіс.

9. Заңды тұлға құрып әріптестік жасау туралы шарттың ережелері әріптестіктің мақсаты осы заңды тұлғаның өндірістік немесе сауда қызметін қаржыландыру болып табылатын маңызды талаптар болған кезде заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу оның талаптары болып табылатын әріптестік жағдайларына да қолданылады.

52-10-бап. Инвестициялық қызметті лизинг (жалдау) талаптары бойынша жүзеге асыру

1. Ислам банктері инвестициялық қызметті лизинг (жалдау) талаптары бойынша жүзеге асыруға құқылы.

2. Ислам банкінің инвестициялық қызметті мүлік лизингі (жалдау) талаптары бойынша жүзеге асыруы жөніндегі қатынастарына осы бапта көзделген ерекшеліктерімен қаржы лизингі туралы немесе мүлікті жалдау туралы ережелер қолданылады.

3. Ислам банкімен жасалған лизинг (жалдау) шартының талаптары жалға алынатын мүлікті сатып алу құқығын көздей алмайды. Жалға алынған мүлікке меншік құқығы жеке келісімнің негізінде лизинг алушыға (жалдаушыға) ауысуы мүмкін.

4. Егер ислам банкінің жарғысында немесе ішкі ережелерінде өзгеше көзделмесе, мүлік лизингі немесе жалдау бойынша мәмілелер осы Заңның 52-2-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес бекітілген Ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеге сәйкес жасалады және исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің жеке бекітуін талап етпейді.

5. Шартта лизингтік төлемдерге ақы төлеу (жалдау төлемін) жөніндегі міндеттемелерді мүлік кепілімен қамтамасыз ету туралы талап көзделуі мүмкін.

52-11-бап. Ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезінде агенттік қызметті жүзеге асыру

1. Ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезінде ислам банкі агенттік қызметті жүзеге асыруға құқылы, оған сәйкес ислам банкі өз клиентінің агенті болады не үшінші тұлғаны өзінің агенті етіп тағайындайды.

2. Агенттік келісімге сәйкес агент клиенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша не өз атынан, бірақ клиенттің тапсырмасы бойынша және соның есебінен өзінің жеке тәжірибесі мен білімі негізінде сыйақы үшін табыс алуға бағытталған белгілі бір заңды іс-қимылдар жасауға міндеттенеді.

3. Ислам банкінің агенттік келісімдеріне оның талаптарына байланысты осы бапта көзделген ерекшеліктері бар тапсырма немесе комиссия шарты туралы ережелер қолданылады.

4. Жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде банктер және өзге қаржы ұйымдары

ислам банкімен жасалған агенттік келісім бойынша тараптар (клиент не агент) ретінде
б о л а а л а д ы .

5. Агенттік келісімнің талаптарында агенттің сыйақысын анықтау және төлеу тәртібі белгіленуге тиіс. Клиент табысының кепілдік берілген мөлшері агенттік келісімнің талаптарында көзделе алмайды.

6. Агенттің сыйақы алу құқығы агенттік келісімнің орындалу нәтижелеріне қ а р а м а с т а н с а қ т а л а д ы .

7. Агенттің кінәсінен залалдар туындаған жағдайларды қоспағанда, агент қызметі нәтижесінде келтірілетін залалдар тәуекелін агенттік келісімнің клиенті көтереді.";

18) 74-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ислам банкінің тарату конкурстық массасына ислам банкінің инвестициялық депозиті туралы шарт бойынша тартылған ақша есебінен сатып алынған мүлік қосылмайды. Тарату комиссиясы аталған мүлікті, сондай-ақ инвестициялық депозиттер бойынша міндеттемелерді басқа ислам банкіне беруге тиіс.

Ислам банкін таңдау және оған инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған ақша және таратылатын ислам банкінің инвестициялық депозиттері бойынша міндеттемелер есебінен сатып алынған мүлікті беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

19) 74-2-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы "депозиттер" деген сөзден кейін ", оның ішінде таратылатын ислам банкінде орналастырылған талап етуге дейінгі процентсіз депозиттер" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 24, 25-құжаттар, N 8, 45-құжат; 2007 ж., N 4, 28-құжат; N 20, 153-құжат; 2008 ж., N 13-14, 56-құжат):

23-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "қаржы компанияларын" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылатын арнайы исламдық қаржы компанияларын" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж. N 7-8, 24-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж. N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 4, 28-құжат; N 9, 67-құжат; N 17, 141-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 20, 88-құжат; 2008 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет

процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 27-1), 34-1), 34-2), 34-3), 34-4), 34-5), 34-6), 60-1), 65-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"27-1) инвестициялық жоба - инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар кешенді іс-шаралар;"

"34-1) ислам арнайы қаржы компаниясы - осы Заңға сәйкес акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

34-2) ислам арнайы қаржы компаниясы бөлген активтер - ислам арнайы қаржы компаниясы сатып алатын мүлік және талап ету құқықтары, олар бойынша түсімдер;

34-3) ислам бағалы қағаздары - шығару талаптары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін, материалдық активтердегі бөлінбейтін үлесті иелену құқығын және (немесе) оларды пайдаланудан түскен активтер мен табыстарға, нақты жобаларды қаржыландыру үшін осы бағалы қағаздар шығарылған қызметтерге немесе активтерге билік ету құқығын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаздар;

34-4) ислам бағалы қағаздарының номиналды құны - ислам бағалы қағаздарын оларды бастапқы орналастыру аясында ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген талаптар бойынша сатып алу кезінде инвестор төлейтін ислам бағалы қағаздары құнының ақшалай түрі;

34-5) ислам бағалы қағаздарын өтеу - ұстаушыға тиесілі ислам бағалы қағаздары санының осы шығарылымдағы ислам бағалы қағаздарының жалпы саны қатынасына бара-бар үлеске сәйкес келетін ақша сомасын бөлінген активтер есебінен ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген мерзімдерде төлеу;

34-6) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі - эмитентпен жасалған шарттың негізінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін ұ й ы м ; " ;

"60-1) оригинатор - ислам банкі, ұлттық холдинг, ұлттық басқарушы холдинг, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке (ұлттық басқарушы холдингтің келісімі болғанда) тиесілі, активтерін ислам арнайы қаржы компаниясына сатып алу-сату шартының негізінде беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылатын заңды т ұ л ғ а л а р ; " ;

"65-1) резервтік қор - қалыптастыру және пайдалану тәртібі ислам бағалы

қағаздарын шығару проспектісінде айқындалатын ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындаған залалдарды жабуға арналған қаражат";

2) 9 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Ислам бағалы қағаздары проспектісіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісі исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілуге тиіс.

Эмитенттің ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін жағдайларда ислам бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымға енгізудің және өтеудің шығарылым проспектісінде белгіленген талаптарын өзгертуге құқығы жоқ.";

5-тармақ "облигациялар шығару проспектісіне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ ислам бағалы қағаздарын шығару проспектілеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 23-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ислам бағалы қағаздарына төлем жасау тек қана ақшалай жүзеге асырылады. Эмитенттің орналастырылатын ислам бағалы қағаздарына толық төлем жасалғанға дейін осы ислам бағалы қағазын ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.";

4) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1-тарау. Ислам бағалы қағаздарын шығарудың және олардың айналымының ерекшеліктері

32-1-бап. Исламдық қаржыландырудың негізгі принциптері

Мыналар исламдық қаржыландырудың негізгі принциптері болып табылады:

1) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын шығару кезінде ислам бағалы қағаздары құнының проценті түріндегі сыйақыны есептеп шығаруға, сондай-ақ ислам бағалы қағаздары бойынша табысқа кепілдік беруге құқығы жоқ;

2) ислам бағалы қағаздарын шығару және орналастыру нәтижесінде алынған қаражат темекі, алкогольдік өнімдерді, қару-жарақ пен оқ-дәріні шығаруға және (немесе) саудалауға, құмар ойын бизнесімен байланысты қызметті, сондай-ақ исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес қаржыландыруға тыйым салған кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін қаржыландыруға бағытталмауға тиіс.

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес ислам бағалы қағаздары эмитентінің қызметіне қойылатын сақталуға міндетті өзге де талаптарды қосымша айқындауға құқылы.

32-2-бап. Ислам бағалы қағаздарының түрлері

1. Ислам бағалы қағаздарына:

- 1) ислам инвестициялық қорларының акциялары мен пайлары;
- 2) исламдық жалдау сертификаттары;
- 3) исламдық қатысу сертификаттары;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ислам бағалы қағаздары болып танылған өзге де бағалы қағаздар жатады.

2. Инвестициялық портфельді басқарушылар ислам инвестициялық қорлары пайларының эмитенттері болып табылады.

Ислам арнайы қаржы компаниялары исламдық жалдау сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттарының эмитенттері болып табылады.

32-3-бап. Исламдық жалдау сертификаттары

1. Ислам арнайы қаржы компаниясы оларды шығару кезінде айналым мерзімін алдын ала белгілей отырып шығаратын, ұстаушылары жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша табыстар алу құқығын иеленетін ислам бағалы қағаздары исламдық жалдау сертификаттары болып табылады.

2. Исламдық жалдау сертификаттары оларды ұстаушыларға мынадай құқықтар:

- 1) жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша табыстар алу;
- 2) бөлінген активтерді құрайтын мүлік үлесіне сәйкес келетін, ұстаушыға тиесілі исламдық жалдау сертификаттары санының орналастырылған исламдық жалдау сертификаттарының жалпы санына бара-бар мөлшерінде ақша сомасын алу;
- 3) эмитенттің (оригинатордың) қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде айқындалған тәртіп бойынша эмитенттің (оригинатордың) қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан исламдық жалдау сертификаттарына ұстаушылардың меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу құқығын;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге құқықтар береді.

3. Ислам арнайы қаржы компаниясы исламдық жалдау сертификаттарын шығару, оларды орналастыру нәтижесінде алынған ақшаға мүлік сатып алу, сондай-ақ осы мүлікті жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша түскен төлемдерді исламдық жалдау сертификаттарын ұстаушыларға бөлу үшін құрылады.

4. Исламдық жалдау сертификаттарының айналымы ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтеріне кіретін мүлікті жалдау (қаржы лизингі) шартын жасасқаннан кейін мүмкін болады.

5. Исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде оригинатор ислам арнайы қаржы компаниясынан мүлікті сатып алған жағдайда исламдық жалдау сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеу талаптары көзделуі мүмкін.

6. Исламдық жалдау сертификаттарын шығарудың, орналастырудың, айналымға

енгізудің және өтеудің өзге де талаптары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

32-4-бап. Исламдық қатысу сертификаттары

1. Ислам арнайы қаржы компаниясы бағалы қағаздарды шығару кезінде олардың айналым мерзімін алдын ала белгілей отырып, жаңа инвестициялық жобаны ұйымдастыру, қолда бар инвестициялық жобаны дамыту немесе қарапайым серіктестік шарты негізінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру үшін тартылған қаражатты пайдалану мақсатымен не акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға құру арқылы шығарылатын ислам бағалы қағаздары исламдық қатысу сертификаттары болып табылады.

2. Оригинатор инвестициялық жобаға мүлікті енгізу арқылы және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясына тиесілі акцияларды (қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асыра отырып, инвестициялық жобаға қатысады.

3. Исламдық қатысу сертификаттарының айналымы инвестициялық жобаны іске асыру басталғаннан кейін мүмкін болады. Исламдық қатысу сертификаттарын орналастыру нәтижесінде алынған қаражаттың кемінде он процентін инвестициялау инвестициялық жобаны іске асыруды бастау болып табылады. Эмитент инвестициялық жобаны іске асыру басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушыларға исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде көзделген бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялау жолымен оларды айналымға енгізу мүмкіндігі туралы хабарлауға міндетті.

4. Инвестициялық жоба бойынша табыс ислам арнайы қаржы компаниясы мен оригинатор арасында исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісі талаптарына сәйкес бөлінеді.

5. Оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде белгіленген мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға құқылы.

6. Оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын:

1) исламдық қатысу сертификаттарын шығару проспектісінде белгіленген жағдайларда ;

2) исламдық қатысу сертификаттары бойынша дефолт жағдайында;

3) ислам арнайы қаржы компаниясын тарату туралы шешім қабылданған жағдайда с а т ы п а л а д ы .

7. Инвестициялық жобаны іске асырушы заңды тұлға оригинатордың бастамасы бойынша таратылған жағдайда оригинатор исламдық қатысу сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға міндетті.

8. Оригинатор таратылған жағдайда қарапайым серіктестік шарты өз қолданылуын тоқтатады. Осы инвестициялық жобаны құрайтын мүлікті исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушылардың өкілі исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушыларға аталған мүлікті өткізуден алынған ақшаны исламдық қатысу

сертификаттарын шығару көлеміндегі үлестеріне сәйкес төлей отырып өткізуге тиіс.

9. Исламдық қатысу сертификаттарын ұстаушылар исламдық қатысу сертификаттарын шығару талаптарында көзделген жағдайларда оригиналмен бірлесіп, қаржыландыруға арналған инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде шешімдер қабылдауға құқылы.

32-5-бап. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қызметі

1. Ислам бағалы қағаздарын шығару және орналастыру нәтижесінде алынған қаражат есебінен қаржыландыру объектілерінің исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкестігін айқындауды:

1) осы Заңның 32-2-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген ислам бағалы қағаздарына қатысты - Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалған ислам банкінің исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңесі немесе ұлттық холдингтің, ұлттық басқарушы холдингтің немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингіне тиесілі заңды тұлғаның шешімі бойынша жеке шарттың негізінде тартылған исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес;

2) осы Заңның 32-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ислам бағалы қағаздарына қатысты - ислам акционерлік инвестициялық қоры акционерлерінің жалпы жиналысының немесе басқару органдарының ұсынымы бойынша ислам пайлық инвестициялық қорының басқарушы компаниясының шешімі бойынша жеке шарттың негізінде тартылған исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес шешімдер қабылдауда т ә у е л с і з .

2. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес мәміле жасасу сатысындағы ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі мәмілені осы Заңның 32-1-бабында көрсетілген исламдық қаржыландыру принциптеріне сай емес деп таныған жағдайда, мұндай мәміле жасалмайды және орындалмайды.

3. Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі жасалған, бірақ орындалмаған немесе ішінара орындалған мәмілені осы Заңның 32-1-бабында көрсетілген исламдық қаржыландыру принциптеріне сай емес деп таныған жағдайда, мұндай мәміле оригиналдың не ислам инвестициялық қорының басқарушы компаниясының талабы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

32-6-бап. Ислам арнайы қаржы компаниясы

1. Ислам арнайы қаржы компаниясын ислам арнайы қаржы компаниясына мүлік және (немесе) бөлінген активтер беретін оригинатор құрады.

Ислам арнайы қаржы компаниясын құруға және оның қызметіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Ислам арнайы қаржы компаниясының жарғылық капиталы тек қана ақшадан құралады.

3. Ислам бағалы қағаздарын бастапқы орналастыру кезіндегі олардың номиналды құны бір шығарылым шеңберіндегі барлық ислам бағалы қағаздары үшін бірдей болып табылады және ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде айқындалады.

4. Ислам арнайы қаржы компаниясының атауында "ислам арнайы қаржы компаниясы" деген сөздер жазылуға тиіс.

5. Ислам бағалы қағаздарының бұған дейінгі шығарылымын өтеу аяқталғанға дейін ислам бағалы қағаздарын одан әрі шығаруға тыйым салынады.

6. Ислам арнайы қаржы компаниясы жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

7. Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату ислам бағалы қағаздары шығарылымын өтеудің қорытындылары туралы есеп бекітілгеннен кейін уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Уәкілетті орган ислам арнайы қаржы компаниясының ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беру туралы өтінішінің негізінде шешім шығарады және ол жөнінде ислам арнайы қаржы компаниясын өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жазбаша түрде хабардар етеді. Уәкілетті орган ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда бас тартудың негіздемесін көрсете отырып, ол жөнінде ислам арнайы қаржы компаниясын жазбаша түрде хабардар етеді.

8. Ислам арнайы қаржы компаниясын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

9. Ислам арнайы қаржы компаниясы ислам бағалы қағаздары бойынша тиісті резервтік қорлар құруды қоса алғанда, бөлінген активтер бойынша түсімдерді өзі шығарған ислам бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауға ғана пайдаланады.

10. Бөлінген активтер ислам арнайы қаржы компаниясының меншікті қаражатынан бөлек есепке алынады.

11. Осы Заңға сәйкес ислам арнайы қаржы компаниясының ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісі мемлекеттік тіркелген күннен бастап ислам арнайы қаржы компаниясының ислам бағалы қағаздарының осы шығарылымын қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтерге қатысты өндіріп алу ислам арнайы қаржы

компаниясы бөлінген активтерден басқа, өзге де активтер есебінен міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін.

12. Ислам арнайы қаржы компаниясы бухгалтерлік есепті жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен меншікті қаражаты мен бөлінген активтер бойынша қаржылық есептілікті бөлек табыс етеді.

13. Ислам арнайы қаржы компаниясының бухгалтерлік есепті жүзеге асыруының және қаржылық есептілікті жасауының тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

32-7-бап. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі.

Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің функциялары мен міндеттері

1. Акцияларды қоспағанда, ислам бағалы қағаздарын шығару және олардың айналымы кезінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың эмитент және үшінші тұлғалар алдындағы мүдделерін білдіруді жүзеге асырады.

Эмитент бағалы қағаздар нарығында кастодиандық және (немесе) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары қатарынан ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілін таңдауды дербес жүзеге асырады.

Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі эмитенттің аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

2. Эмитент пен ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі арасында жасалған ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі мен мән-жайлары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын шығару проспектісінде белгіленген, ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындауын бақылайды;

2) қаржыландыру объектілерінің ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес келуін бақылайды;

3) ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар қабылдайды;

4) ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен сатып алынған мүлікке, ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен қаржыландыру жөніндегі мәмілені жүзеге асыру бөлігінде эмитенттің қаржылық есептілігіне, сондай-ақ көрсетілген қаражат активтеріне инвестицияланған заңды тұлғаларға мониторингті жүзеге асырады;

5) исламдық қатысу сертификаттарын шығару кезінде, егер бұл оларды шығару талаптарында көзделген болса, ислам арнайы қаржы компаниясының мүдделерін білдіреді;

6) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларына сәйкес ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға өзінің іс-әрекеттері туралы және осындай іс-әрекеттердің нәтижелері туралы хабарлайды.

4. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі:

1) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін мән-жайларды анықтауға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларды аталған мән-жайлар туралы күнтізбелік үш күн ішінде хабардар етуге;

2) уәкілетті органға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған қаражат есебінен сатып алынған мүліктің жай-күйі туралы хабарлауға;

3) уәкілетті органды және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларды өкіл ретіндегі өз өкілеттіктерін тоқтатқаны туралы эмитентпен жасалған шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабардар етуге;

4) уәкілетті органға және ислам бағалы қағаздарын ұстаушыларға олардың сұратулары бойынша ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың өкілі ретінде өз қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттар беруге;

5) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға міндетті.

5. Ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілінің осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген функциялар мен міндеттерді орындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді."

7. "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 90-құжат; 2006 ж., N 16, 103-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 4, 33-құжат; 2008 ж., N 17-18, 72-құжат; N 20, 88-құжат; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Ислам инвестициялық қорлары

1. Акционерлік инвестициялық қор не исламдық қаржыландыру принциптерін сақтай отырып, қор активтерін инвестициялауды жүзеге асыратын жабық пайлық инвестициялық қор ислам инвестициялық қоры болып табылады.

2. Ислам инвестициялық қорларының ислам бағалы қағаздарын ұстаушылары

өкілінің міндеттерін кастодиан жүзеге асырады.

3. Ислам инвестициялық қорының инвестициялық декларациясы исламдық қаржыландыру принциптеріне сай болуға және исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілуге тиіс.";

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ислам инвестициялық қорының атауында осы қордың ислам қоры болып табылатыны көрсетілуге тиіс."

8. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 14, 90-құжат; 2007 ж. N 2, 18-құжат; 2008 ж., N 17-18, 72-құжат):

кіріспе "бағытталған және" деген сөздерден кейін "ол, талап етуге дейінгі процентсіз депозиттерді және ислам банктерінде орналастырылған инвестициялық депозиттерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 31 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 31 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тәуелсіз салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

32-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ислам банктері жүзеге асыратын банк операциялары:

жеке және заңды тұлғалардың талап етілгенге дейін процентсіз депозиттерін қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

банктік заем операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;

кәсіпкерлік қызметті мынадай түрде қаржыландыру: коммерциялық кредитті бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе)

әріптестік талаптары бойынша өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру;
лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;
ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет;"

10. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 18, 142-құжат; 2008 жылғы 23 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 20 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2008 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

5 5 - б а п т а :

тақырыбы "қорларға" деген сөзден кейін "және инвестициялық депозит туралы шарт бойынша ислам банкінің клиенттеріне" деген сөздермен толықтырылсын;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пайлық инвестициялық қордың пай ұстаушыларына немесе инвестициялық депозит туралы шарт бойынша ислам банкінің клиенттеріне тіркелген жылжымайтын мүлік олардың ортақ үлестік меншігі болып танылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін немесе ислам банкі инвестициялық депозит қаражаты есебінен сатып алған жылжымайтын мүлік объектісіне ортақ үлестік меншік құқығын мемлекеттік тіркеу кезінде құқықтық кадастрда мұндай объектінің меншік иелері пайлық инвестициялық қордың пай ұстаушылары немесе инвестициялық депозит туралы шарт бойынша ислам банкінің клиенттері (инвестициялық пай ұстаушылардың немесе ислам банкі клиенттерінің деректері және ортақ үлестік меншік құқығында оларға тиесілі үлестердің мөлшерлері көрсетілмей) екені көрсетіледі.";

2 - т а р м а қ :

"ұстаушыларға" деген сөзден кейін "немесе инвестициялық депозит туралы шарт бойынша ислам банкінің клиенттеріне" деген сөздермен толықтырылсын;
"(басқарушы компания)" деген сөздерден кейін "немесе ислам банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Ислам банкі тіркеуге ислам банкі жарғысының, ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелердің және ислам банкінің банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуіне берілген лицензиясының нотариат куәландырған көшірмелерін табыс етеді."

2-бап. Осы Заң, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын, 2), 4), 6), 8)-15), 17)-21), 24), 27)-29), 31)-43), 45)-47) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК